81. Аттестатталушы тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіби білімі не педагогикалық қайта даярлаудан өткен жағдайда "бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары" біліктілік санатына үміткер болады.

Бұл ретте:

төменде көрсетілген кемінде үш көрсеткіштің орындалуы қамтамасыз етіледі:

мектепішілік бақылау (сапаны бақылау) нәтижелерінің объективтілігі мен пәрменділігі: өлшенетін көрсеткіштердің динамикасы;

мектепішілік бақылауды ұйымдастырудағы инновациялық тәсіл;

талдамалық материалдардың сапасы;

жетекшілік ететін бағыт бойынша жұмыс тәжірибесін республикалық немесе халықаралық деңгейде жалпылау және тарату;

педагогтердің әртүрлі санаттарымен сараланған жұмыс жүйесі.

82. Тиісті деңгейдегі комиссиясы мынадай біліктілік санаттарын береді:

"үшінші санатты басшы", "үшінші санатты басшының орынбасары" - аудандардың (қалалардың) білім бөлімдерінің, республикалық маңызы бар және астаналық қалалары білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы; облыстық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін - облыстық білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы; республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін - білім беру саласындағы уәкілетті органның аттестаттау комиссиясы;

"екінші санатты басшы", "бірінші санатты басшы", "екінші санатты басшының орынбасары", "бірінші санатты басшының орынбасары" - облыстардың, республикалық маңызы бар және астаналық қалалары білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы; республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін - білім беру саласындағы уәкілетті органның аттестаттау комиссиясы.

83. Комиссия аттестатталушы білім беру ұйымдары басшыларының қатысуымен аттестаттауды өткізеді.

84. Аттестатталушы дәлелді себеп бойынша комиссия отырысына келмеген жағдайда, оны аттестаттау мәселесін қарау күнтізбелік жеті күннен аспайтын мерзімге ауыстырылады.

85. Аттестатталушы дәлелсіз себептермен болмаған жағдайда аттестаттаудың белгіленген күнінен бастап күнтізбелік жеті күн өткен соң қайта аттестаттау тағайындалады. Дәлелсіз себептермен қайта келмеген жағдайда білім беру ұйымдарының басшылары аттестатталмаған деп есептеледі және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы тәртібімен жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығарылады.

86. Отырыс барысында Комиссия ұсынылған материалдарды зерделейді, аттестатталатын адамды тыңдайды.

87. Ұсынылған материалдарды зерделеу және аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесімен әңгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталушыға бағалау парағы толтырылады.

88. Осы Қағидаларға 14-қосымшада белгіленген көрсеткіштердің орындалуын аттестатталушы әңгімелесуде ұсынады.

89. Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларын аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;
- өтініш берілген санатты растаумен аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

90. Комиссия "өтініш берілген санатқа аттестатталмады" деген шешім қабылдаған кезде білім беру ұйымы басшысының орынбасары осы Қағидаларға сәйкес аттестаттаудан өткен күннен бастап бір жылдан ерте емес уақытта қайта аттестаттауға өтеді.

91. Комиссия қайта аттестаттауды өткізу кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;
- өтініш берілген санатты растаумен аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

92. Қайта аттестаттау кезінде Комиссия "өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылдаған жағдайда қолда бар біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді.

93. Білім беру ұйымдарының басшыларын аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына ротациямен аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына растаумен аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады;
- еңбек шартты бұзуымен өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

94. Комиссия "өтініш берілген санатқа аттестатталмады" деген шешім қабылдаған кезде аттестатталушы осы Қағидаларға сәйкес аттестаттаудан өткен күннен бастап үш

айдан ерте емес (аттестатталатын кезең үшін бір реттен артық емес) уақытта қайта аттестаттауға өтеді.

95. Комиссия қайта аттестаттауды өткізу кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына ротациямен аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына растаумен аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады;
- еңбек шартты бұзуымен өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

96. Комиссия "бірінші біліктілік санатты басшы" немесе "екінші біліктілік санатты басшы" біліктілік санаты бар аттестатталушыда қайта аттестаттау кезінде "өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылдаған жағдайда, біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді; "үшінші біліктілік санатты басшы" біліктілік санаты бар басшылармен еңбек шарты бұзылады.

97. Аттестатталушы комиссияның шешімімен танысады.

98. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес хаттамамен ресімделеді, оған Комиссия хатшысы мен оның отырысына қатысқан Комиссия мүшелері қол қояды.

99. Комиссия шешімі аттестатталушылардың аттестаттау парақтарына енгізіледі.

100. Аттестаттаудан өткен аттестатталушының аттестаттау парағы және оған қызметтік мінездеме жеке ісінде сақталады. Комиссияның шешімі аттестатталушының қызметтік тізіміне енгізіледі.

101. Комиссияның шешімі жыл сайын ағымдағы жылдың 15 шілдесінен және 25 желтоқсанынан кешіктірілмей аттестаттаушы органның бұйрығымен ресімделеді. Тиісті бұйрықтың негізінде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес біліктілік бере отырып (растай отырып) аттестаттау туралы куәлік беріледі.

102. Біліктілік берілетін (расталатын) аттестаттау туралы куәлік осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес куәліктерді тіркеу және беру журналында тіркеледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың, бастауыш, негізгі
орта және жалпы орта білім
берудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі, қосымша,
мамандандырылған және арнайы
білім беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру
ұйымдарында лауазымдарды
атқаратын педагогтерді және
білім және ғылым саласындағы
өзге де азаматтық
қызметшілерді аттестаттаудан

өткізу қағидалары мен
шарттарын
1-қосымша
Нысан

(тестілеуді өткізу бойынша
ұйымның басшысына)

Ұлттық біліктілік тестілеуге қатысуға өтініш

Мен, _____,

(педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

ЖСН _____

_____ (лауазымы, жұмыс орны)

мені келесі тест тапсырмалары бойынша ұлттық біліктілік тестілеуге қатысуға
рұқсат беруіңізді сұраймын:

_____ аттестаттауға 20____ жыл. Бүгінгі таңда _____ (күні) _____ (айы) _____
жылғы дейін жарамды біліктілік санатына иемін:

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі:

О қ у орнының атауы	Оқу кезеңі	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік)

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) бойынша	Педагогикалық	Білім беру ұйымының басшысы (басшының орынбасары)

Марапаттары, атағы, ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы алған жылын
көрсете отырып _____

Тестілеуді тапсыру тілі (қажеттісінің астын сызу): қазақ/орыс

Білім беру ұйымының басшысы жұмыс істейтін білім беру ұйымы (қажеттісінің
астын сызу): мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және
кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, арнайы білім беру.

Аттестаттау қағидаларымен, Ұлттық біліктілік тестілеу туралы нұсқаулықпен таныстым.

" ____ " _____ 20 ____ жыл _____

(қолы)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
2-қосымша
Нысан

Ұлттық біліктілік тестілеуге қатысуға рұқсаттама

Облыс/Аудан/Мектеп	
П Е Д А Г О Г К Е	
Р Ұ Қ С А Т Т А М А	
Т.А.Ә.: _____ АКТ: _____	
Ж С Н : _____	
Жоспарланған біліктілік санаты: _____	
Педагог қызметкер жұмыс істейтін білім беру ұйымының деңгейі: _____	
Т е с т і л е у _____ о р н ы :	
Мекенжайы: _____	
Аудитория: _____	
Тестілеудің тапсыру тілі: _____	
Тестілеу күні: _____	
Тестілеуге тіркелудің басталу уақыты: _____	
Тестілеу пәндері: 1. _____	
2. _____	
А т т е с т а т т а у	
комиссиясының төрағасы: _____ (қолы) (Т.А.Ә. (бар болған ж а ғ д а й д а)	

Педагог: _____ (қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Рұқсат беру күні: _____

Педагогке жадынама: Педагогтің өзімен бірге тестілеуге рұқсат қағазы және жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы (жеке куәлік немесе паспорт) болуы тиіс. Педагогті тіркеу аяқталғанға дейін тестілеу орнына келуі қажет. Педагогті тіркеу 45 минут жүзеге асырылады және тестілеу басталғанға дейін 15 минут қалғанда аяқталады.	П е д а г о г к е : Өзімен бірге анықтамалық әдебиеттерді, жазба кітаптарын, диктофондарды, ұялы телефондарды, электрондық құрылғыларды және сол сияқтыларды, сондай-ақ тестілердің мазмұнын және оларға дұрыс жауаптар кодтарын ашатын мәліметтерді алып жүруге немесе пайдалануға; басқа педагогтермен сөйлесуге; орнынан орын ауыстыруға; кезекшінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға жол берілмейді. Ереже бұзылған және тыйым салынған заттар анықталған жағдайда тиісті акт жасалады, педагог аудиториядан шығарылады, нәтижелері жойылады. Нәтижелері бейне материалдарды зерттеу шеңберінде тестілеу аяқталғаннан кейін де жойылуы мүмкін. Жұмыс істеу үшін әрбір педагогке А4 форматындағы үш парақ беріледі. Тестілеу аяқталғаннан кейін Министрлік өкіліне парақтарды тапсыру қажет.
Мен жадынамамен таныстым және наразылығым жоқ. Рұқсаттамадағы деректер дұрыс екенін растаймын _____	
----- (Педагогтің қолы)	

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
3-қосымша
Нысан

Аудиторияда тәртіп ережесін бұзған педагогті аудиториядан шығару және заттарды табу актісі

Тестілеуді өткізу орны

" _____ " _____ 20 _____ ж. _____ сағ. _____ мин.

Осы акт _____ туралы

педагог _____,

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

АКТ _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

(аудитория № ____, орны № ____, нұсқа № _____) тестілеу уақытында аудиторияда жүріс-тұрыс ережесін бұзды):

_____ бұзушылық фактісі. Осы фактінің негізінде материалдар алынды, білім беру ұйымының басшысы аудиториядан шығарылды, тестілеу қорытындысы жойылды.

Актімен таныстым: _____

(педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Аудитория бойынша кезекші _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Тестілеуді өткізуге жауапты _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Комиссия төрағасы _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Күні: _____

Мөр орны

Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың, бастауыш, негізгі
орта және жалпы орта білім
берудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі, қосымша,
мамандандырылған және арнайы
білім беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру
ұйымдарында лауазымдарды
атқаратын педагогтерді және
білім және ғылым саласындағы
өзге де азаматтық
қызметшілерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
4-қосымша
Нысан

Тестілеуде бөгде адамды анықтау актісі

Тестілеуді өткізу орны

" _____ " _____ 20 _____ ж. _____ сағ. _____ мин.

Осы акт _____ жасалды

(Т.А.Ә. бар болған жағдайда)

азамат тестілеу тапсыру барысында

_____ фактісі анықталды.

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

_____ педагогтің орнына

АКТ _____

Т.А.Ә.(бар болған жағдайда)

Осы фактінің негізінде аудиторияға кірген жағдайда материал алынды, білім беру ұйымының басшысы аудиториядан шығарылды, тестілеу нәтижелері жойылды; ғимаратқа кірген кезде жалған тұлғаны анықтаған жағдайда-тестілеуді тапсырғанға дейін жіберілмеуі.

Актімен таныстым: _____

(педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Аудитория бойынша кезекші _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Тестілеуді өткізуге жауапты _____

(Т.А.Ә.) (бар болған жағдайда), қолы)

Комиссия төрағасы _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Күні: _____

Мөр орны

Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың, бастауыш, негізгі
орта және жалпы орта білім
берудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі, қосымша,
мамандандырылған және арнайы
білім беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру
ұйымдарында лауазымдарды
атқаратын педагогтерді және
білім және ғылым саласындағы
өзге де азаматтық
қызметшілерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
5-қосымша
Нысан

Ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтама

_____ біліктілігі бойынша _____ қаласында 20 _____
жылғы _____ айы _____ күні ұлттық біліктілік тестілеуге қатысты

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Үлгі атауы	Тест тапсырмаларының саны	Ең жоғарғы балл саны	Жиналған балл
Заңды білуі			
Барлығы			

Жауапты тұлға: _____

(Т.А.Ә., (бар болған жағдайда), қолы)

Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың, бастауыш, негізгі
орта және жалпы орта білім
берудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі, қосымша,
мамандандырылған және арнайы
білім беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру
ұйымдарында лауазымдарды
атқаратын педагогтерді және
білім және ғылым саласындағы
өзге де азаматтық
қызметшілерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
6-қосымша
Нысан
Аттестаттау комиссиясының
төрағасы

(білім беру ұйымының атауы),
аудандық (қалалық) бөлімдері,
облыстардың, облыстардың,
республикалық маңызы бар
қалалардың және астананың
білім басқармалары, уәкілетті
орган)

**Біліктілік санатын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш Аттестаттауға
қатысуға өтініш**

Мен, _____,

ЖСН _____ (педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

(лауазымы, жұмыс орны)

Лауазым (мамандығы) бойынша _____ 20__ жылғы біліктілік санатына аттестаттауға қатысуға рұқсат беруді сұраймын.

Бүгінгі таңда _____ (күні) _____ (айы) _____ жылға дейін жарамды біліктілік санатым бар

Мына жұмыс нәтижелерін негіз деп есептеймін:

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын

Білімі:

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік)

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) бойынша	Педагогикалық	Білім беру ұйымының басшысы (басшының орынбасары)

Марапаттары, атағы, ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы алған жылын көрсете отырып

Білім беру ұйымының басшысы (басшының орынбасары) жұмыс істейтін білім беру ұйымы (қажеттісінің астын сызу): мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, арнайы, қосымша білім беру.

Кезекті біліктілік санатын бері (растау) тәртібімен таныстым.

" _____ " 20 _____ ЖЫЛ _____

(ҚОЛЫ)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
7-қосымша
Нысан

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде-20 минут; 2) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға – 3 (үш) жұмыс күні; 3) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша емес, Мемлекеттік корпорацияға – 7 (жеті) жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. 1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут; 2) мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз түрінде
		осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) үшін өтінішті қабылдау туралы қолхат беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	куәландыратын құжатты көрсеткен кезде (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады. Өтініш берушінің (өкілдің) өтініші болмауына байланысты мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай ішінде мемлекеттік корпорацияда сақталады, осы мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң өтініш берген кезде талап етілмеген ретінде көрсетілетін қызметті берушіге қайтарылады, Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	жеке тұлғаларға тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Көрсетілетін қызметті берушіде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі; 2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "электрондық" кезек тәртібімен жүзеге асырылады, "электрондық үкімет" порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.
		көрсетілетін қызметті берушіге не Мемлекеттік корпорацияға: 1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады); 3) білімі туралы диплом; 4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 5) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат; 6) біліктілік санатын беру туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар тұлғалар үшін); 7) Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 8) ұлттық біліктілік тестілеуді өткізуге жауапты білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымы қызметкерінің қолымен бекітілген және мөрімен куәландырылған ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтамa ;

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	9) білім алушылардың/тәрбиеленушілердің (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін, ПМПК педагогтерін қоспағанда) жетістіктерін растайтын құжаттар); 10) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені қорытуды растайтын құжаттар; 11) оқуды/сабақтарды бақылау парақтары (ПМПК педагогтерінен басқа); 3)-11)-тармақтарда санамаланған құжаттар түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады. Қосымша келесі құжаттар ұсынылады: Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін – жарияланымдарды, жобаларға қатысуын, инновациялық, эксперименттік қызметті растайтын құжаттар, әзірленген әдістемелік материалдар; Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін - білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған оқу жетістіктерін сырттай бағалау және (немесе) ағымдағы және (немесе) қорытынды аттестаттау нәтижелерін қамтитын біліктілік санаттарын беру арасындағы кезеңдегі білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері; Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері үшін-білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған шеберлік пен дағдылардың қалыптасу көрсеткіштері; Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін – білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің таңдаған білім беру бағдарламасын меңгеру көрсеткіштері; Арнайы білім беру ұйымдарының, білім беру ұйымдарындағы арнайы сыныптардың (топтардың) педагогтері үшін (ПМПК педагогтерінен басқа) – жеке дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша маман қызметінің нәтижелілік көрсеткіштері; Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бастартады: 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) ұсынылған материалдар, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтер талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады. Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды берген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы колхат береді.
		Организм функциялары тұрақты бұзылып, оның тыныс-тіршілігін шектейтін денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері бірыңғай байланыс орталығы 1414; 8 800 080 7777 арқылы жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне баып жүргізеді.

10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Министрліктің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында; 2) мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77777 арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz ескерту.
----	---	---

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
8-қосымша
Нысан

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүтінген кезде-20 минут; 2) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға – 3 (үш) жұмыс күні; 3) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша емес, Мемлекеттік корпорацияға – 7 (жеті) жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияға жүтінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. 1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут; 2) мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут.

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беруден (растаудан) өту үшін өтінішті қабылдау туралы қолхат беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады. Өтініш берушінің (өкілдің) өтініші болмауына байланысты мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай ішінде Мемлекеттік корпорацияда сақталады, осы мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті берушіге талап етілмеген ретінде қайтарылады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Жеке тұлғаларға тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Көрсетілетін қызметті берушіде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі; 2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "электрондық" кезек тәртібімен жүзеге асырылады, "электрондық үкімет" порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.
		көрсетілетін қызметті берушіге не Мемлекеттік корпорацияға: 1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады); 3) білімі туралы диплом; 4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 5) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат; 6) біліктілік санатын беру туралы куәлік және бұйрық (бұрын

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	біліктілік санаты бар тұлғалар үшін); 7) Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 8) ұлттық біліктілік тестілеуді өткізуге жауапты білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымы қызметкерінің қолымен бекітілген және мөрімен куәландырылған ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы анықтама; 9) білім алушылардың/тәрбиеленушілердің (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін, ПМПК педагогтерін қоспағанда) жетістіктерін растайтын құжаттар); 10) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені қорытуды растайтын құжаттар; 11) оқуды/сабақтарды бақылау парақтары (ПМПК педагогтерінен басқа); 3)-11)-тармақтарда санамаланған құжаттар түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады. Қосымша келесі құжаттар ұсынылады: Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін – жарияланымдарды, жобаларға қатысуын, инновациялық, эксперименттік қызметті растайтын құжаттар, әзірленген әдістемелік материалдар; Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары үшін - білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған оқу жетістіктерін сырттай бағалау және (немесе) ағымдағы және (немесе) қорытынды аттестаттау нәтижелерін қамтитын біліктілік санаттарын беру арасындағы кезеңдегі білім сапасының көрсеткіштері; Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері үшін-білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған шеберлік пен дағдылардың қалыптасу көрсеткіштері; Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін – білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің таңдаған білім беру бағдарламасын меңгеру көрсеткіштері; Арнайы білім беру ұйымдарының, білім беру ұйымдарындағы арнайы сыныптардың (топтардың) педагогтері үшін (ПМПК педагогтерінен басқа) – жеке дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша маман қызметінің нәтижелілік көрсеткіштері; Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген	Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бастартады: 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған жағдайда; 2) көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) ұсынылған материалдар, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтер талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда

	мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап б о л ы п т а б ы л а д ы . Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды берген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар Организм функциялары тұрақты бұзылып, оның тыныс-тіршілігін шектейтін денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері бірыңғай байланыс орталығы 1414; 8 800 080 7777 арқылы жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Министрліктің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында; 2) мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында о р н а л а с т ы р ы л ғ а н . Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда порталдың " жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 777777 арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында www.edu.gov.kz орналастырылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына 9-қосымша Нысан

/көрсетілетін қызметті алушының
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/

Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазым атқаратын педагогтердің құжаттарын қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

